

"Байқоңыр" кешеніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің арнаулы өкілі туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі N 155 Жарлығы.

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық өкілеттіктерін іске асыруды, "Байқоңыр" кешенінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары қызметінің тиімділігін арттыруды және зандық құзыretін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" кешеніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің арнаулы өкілі туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.
3. "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы Өкілі туралы ереже туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 сәуірдегі N 2955 Жарлығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 15, 118-құжат).
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы 25 шілдедегі N 155
Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілі туралы ереже

Бұл Ереже Қазақстан Республикасының Конституациясына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, "Байқоңыр" кешені жөнінде қазақстандық-ресейлік уағдаластықтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілінің мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілі (бұдан әрі - арнаулы өкіл) оны жалға беру жағдайында Қазақстан Республикасының заңдық құзыретін және Байқоңыр қаласының аумағында тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын сақтауға байланысты қазақстандық-ресейлік уағдаластықтарында айқындалған мәселелер бойынша "Байқоңыр" кешенінде мемлекеттік саясаттың жүргізуін және Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының уәкілді лауазымды адамы болып табылады.

2. Арнаулы өкіл мемлекеттік саяси қызметші болып табылады. Арнаулы өкілді Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

Арнаулы өкіл Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп береді.

3. Арнаулы өкіл өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын және осы Ережені басшылыққа алады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.03.21 N 556 Жарлығымен.

4. Арнаулы өкілдің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

2. Арнаулы өкілдің негізгі міндеттері

5. Арнаулы өкілдің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Президенті айқындастын мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі қағидаларын "Байқоңыр" кешенінде орналасқан қазақстандық мемлекеттік билік органдарының іске асыруы жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

2) "Байқоңыр" кешенінде жұмыс істейтін қазақстандық мемлекеттік органдардың қызметіне Қазақстан Республикасының заңдық құзіретін және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуде, оның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмалары мен актілерінің орындалуына бақылауды қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне "Байқоңыр" кешенінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ өнірдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдай туралы үнемі баяндамалар ұсынып отыру болып табылады.

6. Арнаулы өкіл өз қызметін жүзеге асыру кезінде "Байқоңыр" кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясымен, "Байқоңыр" кешенінің үйлестіру кенесімен, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының мемлекеттік органдарымен, мемлекеттік мекемелерімен, ұйымдарымен және лауазымды адамдарымен, сондай-ақ Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысымен, өз қызметін "Байқоңыр" кешенінде жүзеге асыратын басқа да мемлекеттердің органдарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 12.09.2013 № 643 Жарлығымен.

7. Арнаулы өкіл "Байқоңыр" кешенінің Үйлестіру кенесінің мүшесі болып табылады.

8. Арнаулы өкіл "Байқоңыр" кешенінде:

1) "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидалары мен шарттары туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы келісімді, 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартын және "Байқоңыр" кешені туралы басқа да халықаралық шарттарды іске асыруға;

2) "Байқоңыр" кешенінде тұратын әрі жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының мұдделерінде "Байқоңыр" кешені инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасында өзара түсіністікті нығайтуға, ынтымақтастықты дамытуға;

3) "Байқоңыр" кешені жөніндегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы халықаралық шарттық-құқықтық базаның мониторингін жүргізуге бағытталған стратегиялық шараларды жүзеге асыру жөніндегі үйлестіруші болып табылады.

3. Арнаулы өкілдің функциялары

9. Арнаулы өкіл өзіне жүктелген міндеттерді атқару мақсатында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) азаматтар мен ұйымдардың Конституцияның, Қазақстан Республикасы зандарының, Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің, халықаралық шарттардың және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдеседі. Арнаулы өкіл қажетті жағдайда Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен тиісті лауазымды адамдардың ауызша түсініктемелерін тыңдайды әрі жазбаша түсініктемелерін талап етіп алдырады, Қазақстан Республикасы зандары мен Қазақстан Республикасы Президенті актілері бұзылған ретте қалпына келтіруге, сакталмауына жол бермеуге шаралар қолданады;

2) "Байқоңыр" кешенінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен мекемелерінің қызметіне жалпы үйлестіруді қамтамасыз етеді;

3) "Байқоңыр" кешеніндегі қазақстандық мемлекеттік органдардың, мекемелердің және мемлекеттік қатысу үлесі бар ұйымдардың "Байқоңыр" кешенінде Қазақстан Республикасы заңдық құзыретінің және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің тиімділігіне талдау жасайды, Қазақстан Республикасының Президентіне және Президент Әкімшілігіне тиісті ұсыныстар енгізеді;

4) қоғамдық пікірді зерделейді, өнірдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалдың дамуына болжам жасайды;

5) алып тасталды - ҚР Президентінің 12.09.2013 № 643 Жарлығымен;

6) "Байқоңыр" кешенінде тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін олардың өтініштерін қарауды ұйымдастырады;

7) мемлекеттік органдардың Байқоңыр қаласы Әкімшілігімен, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырады;

8) алып тасталды - ҚР Президентінің 12.09.2013 № 643 Жарлығымен;

9) алып тасталды - ҚР Президентінің 12.09.2013 № 643 Жарлығымен;

10) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Байқоңыр" кешенінің мәселелері бойынша ұсыныстар береді;

11) мемлекеттік бағдарламалар мен Байқоңыр қаласын, Төретам және Ақай кенттерін әлеуметтік-экономикалық дамыту жобаларының іске асырылуын жалпы үйлестіру мен бақылауды жүзеге асырады;

12) орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдардың "Байқоңыр" кешенінде Қазақстан Республикасы заңдық құзыретінің және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталу мәселелерін қозғайтын шешімдерінің жобаларын келіседі.

Ескерту. 9-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 12.09.2013 № 643 Жарлығымен.

4-тарау. Арнаулы өкілдің құқықтары

10. Арнаулы өкілдің:

1) мемлекеттік органдардан және лауазымды адамдардан қажетті ақпараттарды, құжаттарды және өзге де материалдарды сұратуға және алуға;

2) алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.03.21 N 556 Жарлығымен.

**3) алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.03.21 N 556
Жарлығымен.**

4) мемлекеттік, оның ішінде үкіметтік байланыс пен коммуникация жүйесін пайдалануға;

5) арнаулы өкілдің құзыretіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және үйымдармен қызметтік жазбахат алысуға;

6) арнаулы өкілдің құзыretіне жататын мәселелерді шешуге атқарушы органдардың, өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, сондай-ақ үйымдардың, ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдерін, ғалымдар мен мамандарды қатыстыруға, оның ішінде шарттық негізде де тартуға;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістеріне, орталық атқарушы органдардың, Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың алқа мәжілісіне, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультациялық-кеңесші органдардың жұмысына қатысуға;

8) қажетті жағдайларда "Байқоңыр" кешенінің тыныс-тіршілігіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді өзірлеу мен қабылдау, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының қолданыстағы актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар келтіруге;

9) Қазақстан Республикасының мұдделі министрліктерінің, агенттіктерінің және жергілікті атқарушы органдары мен үйымдары өкілдерінің қатысуымен кеңестер өткізуге, сондай-ақ "Байқоңыр" кешеніндегі олардың қызметімен байланысты іс-шараларға қатысуға;

10) Қазақстан Республикасының заңдық құзыretін және "Байқоңыр" кешенінде тұратын немесе жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету болігінде Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысынан, сондай-ақ Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенінде жұмыс істейтін басқа да мемлекеттік органдарынан, кәсіпорындарынан, үйымдарынан және лауазымды адамдарынан ақпарат сұратуға және алуға;

11) "Байқоңыр" кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының қарауына ұсыныстар енгізуге;

12) "Байқоңыр" кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының және "Байқоңыр" кешенінің үйлестіру кеңесі отырыстарының құжаттарын, сондай-ақ Байқоңыр қаласының әкімшілігі басшысының қажетті нормативтік құқықтық актілерін және Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешеніне қатысты басқа да нормативтік құқықтық актілерін алуға;

13) режим мен қауіпсіздіктің тиісті талаптарын сақтай отырып, "Байқоңыр" кешенінің объектілері мен аландарында болуға;

14) "Байқоңыр" кешеніндегі жағдай туралы Қазақстан Республикасының Президентіне уақытылы және толық ақпарат беру мақсатында арнаулы өкіл "Байқоңыр" кешенінде жұмыс жасайтын Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарына тиісті тапсырмалар беруге;

15) алынып тасталды - ҚР Президентінің 2008.03.21 N 556 Жарлығымен.

16) Қазақстан Республикасының заңдық құзыретін қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қабылдамағаны үшін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарын жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

17) Қазақстан Республикасының Президентіне жекелеген адамдарды мемлекеттік наградалармен марапаттау, тиісті адамдарға құрметті және өзге де атақтар беру жөнінде ұсыныс енгізуге;

18) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын тапсыруға құқығы бар.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2008.03.21 N 556; 12.09.2013 № 643 Жарлықтарымен.

5. Арнаулы өкілдің қызметін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету

11. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.03.21 N 556 Жарлығымен.

12. Арнаулы өкіл:

- 1) алға қойған міндеттердің орындалуына жауапты болады, еңбекті ұйымдастыру мен тиісті еңбек тәртібін қамтамасыз етеді;
- 2) өз аппаратының қызметіне басшылық жасайды;
- 3) аппарат қызметкерлерінің қызметтік нұсқаулықтарын бекітеді;
- 4) өз құзыретінің шегінде қызметтік құжаттамаларға қол қояды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.03.21 N 556 Жарлығымен.

13. Арнаулы өкіл аппаратының қызметкерлері мемлекеттік әкімшілік қызметкерлері болып табылады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.03.21 N 556 Жарлығымен.

14. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.03.21 N 556 Жарлығымен.